

## **7. ФАКУЛЬТЕТ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығын, ҚР Еңбек кодесін, ҚР Конституциясын, ҚР «[Білім туралы](#)», «[Ғылым туралы](#)», «[Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы](#)», «[Қазақстан Республикасындағы тіл туралы](#)», «[Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы](#)» заңдарын, жоғары білім беру жүйесін дамыту және іс-әрекет сұрақтарын реттеу, басқа да нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын, жағдайдағы факультеттің қызметін анықтайды.

### **2. Негізгі терминдер мен олардың анықтамалары**

**Факультет** бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар бойынша оқытуды жүзеге асыратын, сонымен қатар факультет мамандықтарына қатысты кафедралар мен зертханалардың, ғылыми-зерттеу қызметіне басшылық ететін университеттің оқу, ғылыми және әкімшілік құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

**Факультет деканы** басшылар категориясына жатқызылады.

### **3. Негізгі ережелер**

1. Факультет Ғылыми кеңес шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен ұйымдастырылады, қайта ұйымдастырылады және жойылады.

2. Факультет тікелей ректорға және бірінші проректор-оқу ісі жөніндегі проректорға бағынады.

3. Факультет ректордың бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын декан басқарады.

4. Факультет құрамына негізгі құрылымдық бірліктер ретінде оқу үдерісін және факультеттің бағыттары мен мамандықтары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін кафедралар, зертханалар және кабинеттер, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар (студенттік, ғылыми қоғамдастықтар, клубтар, кеңестер, көркем өнерпаз ұжымдары және т.б.) кіреді.

5. Факультеттің штаты декан (басшысы), декан орынбасары, әдіскер, хатшы және басқа оқу-қосалқы және техникалық персоналды қамтиды.

6. Факультеттің алқалы басшылығының жоғары органы болып кафедра меңгерушілерінен, оқытушы-профессор құрамының өкілдерінен, факультет студенттерінен және басқа тұлғалардан тұратын факультет кеңесі болып табылады.

7. Факультет жұмысының мазмұны мен регламенті жылдық және стратегиялық жұмыс жоспарларымен анықталады.

8. Факультет сапа саласындағы саясаты мен мақсатын жүзеге асыру;

9. Факультеттің сапа менеджменті жүйесіндегі құжаттарын әзірлеу, жүргізу және ендіру;

10. Терең кәсіби білімді жоғары мәдениеттілік пен азаматтылықты үйлестіретін білікті маман даярлауды ұйымдастыру;

11. Іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, ғылыми білімдерді тарату;

12. Факультетстуденттерімен тәрбие жұмысын ұйымдастыру;

13. Оқу үдерісінің ажырамас бірлігі және ғылыми зерттеулер негізінде жоғары кәсіптік білім алу арқылы интеллектуалдық, мәдени және адами дамуда жеке тұлға қажеттілігін қанағаттандыру;

14. Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес іс қағаздарын жүргізу және ұйымдастыру.

#### **4. Факультетмынандай жұмыстарға жауапты**

- осы типтік регламентте қарастырылған факультетке жүктелген міндеттер мен қызметтерді өз уақытында сапалы орындалмаса;

- студенттерді мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай келмейтін білім деңгейімен дайындауға;

- студенттер және факультет қызметкерлерінің құқықтары мен академиялық бостандықтарының бұзылуына;

- өз лауазымдық міндеттерін орындауда студенттер мен факультет қызметкерлерінің өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етпесе;

- ұсынылған ақпараттың сенімділігі мен объективтілігіне;

- қаржылық және штаттық тәртіптің, университет жарғысы мен басқа да ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуына;

- оқу үдерісін және ғылыми қызметті қамтамасыз ету үшін факультеттің жедел басқару құқығына берілген құрал-жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етпесе.

#### **5. Факультет құқылы**

- университет Жарғысы және басқа жалпы университеттік нормативтік актілер шеңберінде қажетті шешімдер қабылдауға; сонымен қатар әрекеттер жасауға, егер ол әрекеттер университетті басқарудың басқа органдарының құзыретіне кірмесе және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе;

- өзінің ұйымдастырушылық құрылымы мен факультеттің штат кестесін әзірлеп, ректордың бекітуіне ұсынуға;

- факультет штатындағы қызметкерлердің қызметтік нұсқауларын әзірлеп, бекітуге;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес оқу-өндірістік процеспен, ғылыми зерттеулермен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

- оқытушылық қызметті жүргізу және тиісті жеке еңбек келісім шартын рәсімдей отырып басқа жұмыстарды орындау үшін басқа жақтан бекітілген тәртіппен ғалымдар мен мамандарды шақыруға;

- ректорға факультет деканы ұжымы мен әрбір қызметкердің еңбек үлесіне сәйкес қосымша төлем, үстеме, сыйақы және материалдық ынталандырудың басқа да нысандары туралы ұсыныстар беруге;
- университетте бекітілген тәртіппен кәсіпкерлік қызметтен түскен факультетке жоспарланған бюджеттік қаражаттар үлесі есебінен қажетті құрал-жабдық, компьютерлік ұйымдастырушылық техника, техникалық құралдар, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер және т.б. алуға тапсырыс беруге;
- бірыңғай кешен ретінде кафедралар және басқа бөлімшелер жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтайтын факультеттің даму және қызмет ету бағдарламасын әзірлеуге.